

Қаратөбе ауданы бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 2 наурыздағы № 10-8 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 17 наурызда № 7-9-78 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2012 жылғы 18 желтоқсандығы № 19-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 18.12.2012 № 19-6 шешімімен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексіне", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Нормативтік құқықтық актілер туралы" заңдарына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ** **ЕТТІ:**

1. Қаратөбе ауданы бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) мемлекеттік мереке Жеңіс күніне:

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына – 50 000 (елу мың) теңге;

Ауған соғысының қатысушыларына – 10 000 (он мың) теңге;

қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны " белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың қайталап некеге тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне) – 5 000 (бес мың) теңге;

1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда кемінде 6 ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен қалтқысыз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Совет Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға – 3 000 (үш мың) теңге;

Чернобыль атом электростанциясы апаттың зардаптарын жоюға

қатысқандарға – 10 000 (он мың) теңге;

Чернобыль атом электр станциясы апаттың салдарынан мүгедек болған адамдарға – 10 000 (он мың) теңге;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына - 10 000 (он мың) теңге;

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдарға – 5 000 (бес мың) т е ң г е ;

Совет Армиясының мүгедектері мен Семей ядролық сынақ полигонының мүгедектеріне - 10 000 (он мың) теңге;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасыларына - 10 0 0 0 (о н м ы ң) т е ң г е ;

2) денсаулық сақтау ұйымдарында емделуде жатқан және есепте тұрған онкологиялық, психоневрологиялық аурулардың және мүгедек баланың емделуі үшін бір жолғы көмек 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) жан басына шаққанда табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын отбасыларға, азаматтың қайтыс болған кезіндегі бір жолғы көмек 11 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) өрттен, су тасқыны басқа да табиғи және техногендік сипаттағы апатқа ұшыраған отбасыларға (азаматтарға) берілетін біржолғы көмек 12 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) денсаулық сақтау ұйымдарында емделуде жатқан және есепте тұрған туберкулез ауруымен ауыратындарға біржолғы көмек 9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

б) жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен төмен адамдарға (отбасыларға) 9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) "Капустин-Яр" және "Азғыр" полигондарымен шектесетін Қаратөбе аудандарының аумағында тұратын бала кезінен мүгедектерге, он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға және бірінші топ мүгедектеріне 2 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, екінші топ мүгедектеріне 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, үшінші топ мүгедектеріне 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайын әлеуметтік көмек;

8) Ұлы Отан соғысқа қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға, олардың жесірлеріне, қаза тапқан әскери

қызметшілердің отбасыларына, тылда еңбек етіп, әскери қызмет өткерген азаматтарға, санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек ағымдағы жылға жергілікті бюджет есебінен бөлінген қаржы көлемінде көрсетіледі.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2012.04.17 № 2-5; өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2012.09.28 № 5-5 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

С е с с и я т ө р а й ы м ы

Аудандық мәслихат хатшысы